

Хаттама №3

26- ақпанда 2021 жылы

№14 «Шолпан» балабақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 20

Қатысқаны: 18

Жиналыста қаралатын мәселе:

1. «Ата-ана үлгісі үлкен сабақ» ата-аналармен дөңгелек үстел.
2. Кеңес: «Көзі нашар көретін балалар туралы» ата-аналарға кеңес.
3. Балабақша ішілік ағымдағы мәселелер.

1. Балабақша әдіскері К.Байқадамова жиналысты ашып, қарсы болмауына байланысты әрі қарай ата-аналарды дөңгелек үстел басына отырды. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға ата-ана айна. «Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты». Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар демей ме халық даналығы. Ата-аналар осы даналық сөздердің түп мағынасын түсіне білсеңіздер, келешек ұрпаққа дұрыс тәрбие беру. Міне сондықтан өз ұрпағының дүниеге келген күнінен бастап, оның болашағына алаңдап, тәрбиесіне мән берген.

Ата-аналар өз пікірлерін айтты, баланың Исаева Гүлжан анасы отбасында алғашқы балаларын қыз бала, болған ер баланың тәрбиесі сәл ерекшелену. Арман атасымен көп уақытын өткізеді, еңбек туралы айтады. Ата-аналар ортаға өз отбасындағы балаларымен бірлесе жасаған жұмыстарын баяндап айтып шықты. Сұрақтарына жауап берілді.

2. Мәселе бойынша балабақша медбикесі Рита Байболатова ата-аналарға өз кеңесін жеткізді. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, ата-аналардың ғана емес барша барлық ересек адамдардың қоғамның басты міндеті. Баланың бақытын дені сау болуы керек. Балалар жаңа технологияны меңгеруде ата-ана үнемі қадағалап отыру керек. Теледидар алдында телефонмен жұмыс жасағанда уақытты белгілеп отыру керек. Көздің көру қабілетін нашарлатып алмау үнемі көз дәрігеріне көрініп отыру. Ағымдағы мәселелер: алдағы мерекелерге байланысты жасаған іс-шаралармен таныстыру. Ата-аналармен байланыс хат пен әлеуметтік электронды түрде жүргізіледі.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата-ана мен байланысты жалғастыру өз дәрежесінде қашықтан жүргізілу тәрбиешілерге тапсырылсын.
2. Ата-анаға кеңес, медбике мен арада сұрақ-жауап түрінде хат арқылы жүргізу Байболатоваға жүктеліп тарсырылсын.
3. Балабақша ішілік ертеңгіліктерді жүргізіп ата-анаға жіберуге тәрбиешілер психолог Даменоваға тапсырылсын.

Ата-аналар кеңесінің төрайымы

Хатшысы:

Байсадамова К.

Төтеева Ж.

